

**2011 жылы Есіл ауданы бойынша субсидия алушылардың тізіміне қосуға құжаттар қабылдау мерзімдерін және субсидияланатын ауыл шаруашылығы басым дақылдарының әрбір түрлері бойынша егудің оңтайлы мерзімдерін айқындау туралы**

***Күшін жойған***

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 3 мамырдағы N 99 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 4 мамырда N 13-6-166 тіркелді. Қолдану мерзімінің өтуіне байланысты күшін жойды (Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімі аппаратының 2012 жылғы 15 маусымдағы N 02.04.05-11/361 хаты)

**Ескерту. Қолдану мерзімінің өтуіне байланысты күшін жойды (Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімі аппаратының 2012.06.15 N 02.04.05-11/361 хаты)**

«Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 10 наурыздағы № 533 Заңының 5 бабы 3 тармағы 3) тармақшасына, «Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 221 қаулысымен бекітілген Қағидасының 10-тармағына сәйкес аудан әкімдігі

**Қ А У Л Ы**

**Е Т Е Д І :**

1. Субсидия алушылардың тізіміне қосуға құжаттар қабылдау мерзімдері осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жарияланған күннен 2011 жылғы 16 мамырға дейін айқындалсын.

2. Қосымшаға сәйкес 2011 жылы Есіл ауданы бойынша субсидияланатын ауыл шаруашылығы басым дақылдарының әрбір түрлері бойынша егудің оңтайлы мерзімдері айқындалсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М.Қ. Шұнғұлшинға жүктелсін.

4. «2010 жылы Есіл ауданы бойынша субсидияланатын ауыл шаруашылығы басым дақылдарының әрбір түрлері бойынша егудің оңтайлы мерзімдерін анықтау туралы» Есіл ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 4 мамырдағы № 200 қаулысының (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде 2010 жылғы 6 мамырда № 13-6-147 тіркелген, «Ишим» газетінде 2010 жылғы 7

мамырда № 22 (8484) жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

5. Осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Бегманов

А у д а н

ә к і м д і г і н і ң

2 0 1 1

ж ы л ғ ы

3

м а м ы р д а ғ ы

№ 99 қаулысына қосымша

## 2011 жылы Есіл ауданы бойынша субсидияланатын ауыл шаруашылығы басым дақылдарының әрбір түрлері бойынша егудің оңтайлы мерзімдері

Ескерту. Қосымшаға өзгерту енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл аудандық әкімдігінің 2011.06.02 N 118 Қаулысымен

| Жер өндеу аумағы                                    | Дақыл  | Ауыл шаруашылық дақылдарын егуді жүргізудің оңтайлы мерзімдері |
|---|--|--|
| II-дала<br>лық,<br>жазық<br>тық,<br>кенедә<br>лалық | Жасыл конвейер (біржылдық өсімдіктер) – 1 мерзім | 8 мамырдан 10 мамырға дейін                                    |
|   | Көпжылдық өсімдіктер – 1 мерзім                  | 10 мамырдан 15 мамырға дейін                                   |
|   | Пияз (тұқым)                                     | 10 мамырдан 15 мамырға дейін                                   |
|   | Сәбіз (тұқым)                                    | 10 мамырдан 15 мамырға дейін                                   |
|   | Аңқа   | 12 мамырдан 16 мамырға дейін                                   |
|   | Рапс әдеттегі технологиямен                      | 13 мамырдан 20 мамырға дейін                                   |
|   | Майлы тұқымға күнбағыс                           | 15 мамырдан 18 мамырға дейін                                   |
|   | Сүрлемге жүгері                                  | 16 мамырдан 20 мамырға дейін                                   |
|   | Зығыр әдеттегі технологиямен                     | 17 мамырдан 20 мамырға дейін                                   |
|   | Қыша   | 17 мамырдан 20 мамырға дейін                                   |
|   | Жаздық бидай, орташа кеш, орташа пісіп жетілетін | 17 мамырдан 4 маусымға дейін                                   |
|   | Зығыр ең төмен және нөлдік технологиямен         | 18 мамырдан 25 мамырға дейін                                   |
|   | Рапс ең төмен және нөлдік технологиямен          | 18 мамырдан 26 мамырға дейін                                   |
|   | Картоп   | 18 мамырдан 25 мамырға дейін                                   |
|   | Қияр   | 18 мамырдан 5 маусымға дейін                                   |
|   | Жасымық  | 20 мамырдан 25 мамырға дейін                                   |
|   | Жасыл конвейер (біржылдық өсімдіктер) – 2 мерзім | 23 мамырдан 25 мамырға дейін                                   |
|   | Арпа – орташа кеш сорттары                       | 25 мамырдан 30 мамырға дейін                                   |
|   | Сұлы   | 25 мамырдан 30 мамырға дейін                                   |
|   | Асбұршақ   | 25 мамырдан 30 мамырға дейін                                   |
| Қарақұмық   | 25 мамырдан 30 мамырға дейін                     |  |
| Арыш  | 25 мамырдан 30 мамырға дейін                     |  |

|   |                                 |
|---|---------------------------------|
| Қызылша   | 25 мамырдан 5 маусымға дейін    |
| Қырыққабат көшеттері                                    | 25 мамырдан 10 маусымға дейін   |
| Пішендемеге біржылдық өсімдіктер:                       | 27 мамырдан 31 мамырға дейін    |
| Сыржоңышқа + сұлы + арпа                                | 5 маусымнан 7 маусымға дейін    |
| Асбұршақ + сұлы + арпа                                  | 8 маусымнан 10 маусымға дейін   |
| Асбұршақ + жемге тары                                   | 8 маусымнан 10 маусымға дейін   |
| Асбұршақ + сұлы + суданка                               |                                 |
| Жаздық бидай, орташа ерте                               | 28 мамырдан 8 маусымға дейін    |
| Тары  | 28 мамырдан 5 маусымға дейін    |
| Қызанақ көшеттері                                       | 28 мамырдан 10 маусымға дейін   |
| Арпа – орташа пісіп жетілетін сорттар                   | 30 мамырдан 5 маусымға дейін    |
| Пішенге біржылдық өсімдіктер                            | 1 маусымнан 5 маусымға дейін    |
| Жемшөпке біржылдық өсімдіктер                           | 5 маусымнан 10 маусымға дейін   |
| Жасыл конвейер (біржылдық өсімдіктер) – 3 мерзім        | 8 маусымнан 10 маусымға дейін   |
| Көпжылдық өсімдіктер – 2 мерзім                         | 1 шілдеден 20 шілдеге дейін     |
| Жасыл конвейер (біржылдық өсімдіктер) – 4 мерзім (рапс) | 8 шілдеден 10 шілдеге дейін     |
| Күздік бидай  | 25 тамызынан 5 қыркүйекке дейін |
| Күздік қара бидай                                       | 25 тамызынан 5 қыркүйекке дейін |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ